

Латын әліпбиіне көшу

РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ



Жалпы латын әліпбиіне көшу кеше немесе бүгін қозғалып отырған мәселе емесі анық. Ең алғаш Елбасымыз 2006 жылы Қазақстан халқы Ассамблеясының он екінші сессиясында сөйлеген сөзінде және «Қазақстан-2050» стратегиясында да айтқан болатын. Қазіргі таңда латын әліпбиіне көшу туралы ойлар кез келген газет-журнал бетінде немесе қоғамда да кеңінен етек алды. Латын әліпбиіне көшу – жай әліпбиді ауыстыра салу емес, ол біз үшін өркениетті шешім. Бұл біздің ашық әлемнің бір бөлігі болуға талпынуымызды, алға жылжығымыз келетінін растайды және бұл осыған дейін Қазақстандағы білім беру жүйесін жетілдіру туралы идеялармен байланысты болып тұр.

Қазір әлемдегі халықтың 80 пайызы латын графикасын игеріп, пайдала-

нып отыр, әлемдегі ақпараттың 70 пайызы осы таңбамен таратылады. Латын әліпбиіне көшу бастамасы Қазақстанның рухани болмысы мен қоғамдық ой-сананы өзгертіп, оны жаңғыртуға зор үлес қосады. Жер бетінде латын әліпбиі барлық салада қолданылатыны байқалады. Барлық математика, физика, химия формулалары, көптеген терминдер, мамандықтарға қатысты ғылыми әдебиеттер латын әліпбиімен байланысты екенін байқауға болады. Сондықтан, мен де, Қазақстанның азаматшасы ретінде Елбасымыздың латын әліпбиіне көшу саясатын қолдаймын. Бұл жерде негізгі мақсат – кез келген ақпаратты, ғаламдық өзгерісті түпнұсқадан алып, оқи алатын болады. Ең бастысы - жаңа әліпби барлық талаптарға сай болса, біз биік технологияларды меңгеруге, интернетке,

ғылым мен білімге және әлемдік дамуға еркін кіретін боламыз. Бұл біздер үшін ең тиімді нәрсе және өзімізден кейінгілерге қалдыратын мәңгілік мұра. Сондықтан латын жазуына көшу - зор мүмкіндік пен өте үлкен жауапкершілік болып табылады.

Латын әліпбиіне көшу ұлтымыз үшін жасалған маңызды қадамдардың бірі. Ұлы Даламыздың тарихына көз жүгіртсек ең бастысы,кіндік қанымыз тамған жерді,екіншісі, қасиетті тілімізді, үшіншісі, мемлекетіміздің және оның тарихының қалыптасқан көрінісі деп білеміз. Қорыта келгенде, Елбасымыздың латын әліпбиіне көшу саясаты ұрпақтар сабақтастығын жалғастыратын көпір деп санаймын.

А.Н. САРСЕНБАЕВА,
тілдер дамыту орталығының
оқытушысы

Елбасымыз Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты үндеуінде көтерілген өзекті мәселе латын қарпіне көшу мәселесінің елімізге берері мол екендігіне сенемін. Себебі бұл рухани жаңғыру жаһандық үдеріске төтеп беретін батыл шешім.

Президентіміз «Қазақстан-2050» стратегиясында Қазақстандағы қазақтар ғана емес, тұтас халықтың 95 пайызы 2025 жылы мемлекеттік тілді игереді деп болжады. Яғни, осы мерзімде тұтас халық тілді жаппай игеріп алған кезде, біз де латынға жеңіл көше аламыз.

Алдымен бүгінгі компьютер заманында интернет жүйесінде үстемдік ететін латын әліпбиі екендігін мойындауымыз керек. Бәріміздің электрондық поштамыз бар. Ол поштамыз кирил, араб, немесе басқа емес, латынмен жазылған. Астымыздағы көлігіміздің нөміріндегі әріптер латынмен берілген. Куәлігіміз бен паспорттымызда латын әліпбиі тұр. Осындай мысалдарды

көптеп келтіре беруге болады. Яғни, латын әліпбиі бізге танық емес. Ол біздің қоғамға еніп кеткен. Оны еліміздегі кез келген сауатты адам белгілі дәрежеде біледі. Ал латынның бізге берері дегенде толып жатқан тиімді тұстарын көрсетуге болады. Сонымен қатар, біз шетелдегі отандастарымызды ұмытпауымыз керек. Олардың елден хабар алуы да біраз жеңілдей түседі, өйткені көп елдерде осы латын әрпі пайдаланады. Латын әліпбиін меңгерген жастарымыз келешекте ағылшын тілін үйренуге бейім болады, сол арқылы әлемдік ақпаратпен сусындай алады. Мәселен, бізден бұрын көшкен және латын әліпбиін пайдаланатын көрші елдер оның артықшылығын болмаса, ешқандай қиындық көріп отырған жоқ. Сондықтан, менің ойымша латынға көшкенімізде ұтатын тұстарымыз өте көп. Оларға тоқталар болсам, біріншіден, тіл тазалығы мәселесі. Тіліміздегі қазіргі жат дыбыстарды таңбалайтын әріптерді қысқартып, сол арқылы қазақ тілінің табиғи таза қалпын сақтауға мүмкіндік аламыз. 42

әріптен 26 әріпке көшеміз.

Екіншіден, қазақ тілін оқытқан уақытта басы артық таңбаларға қатысты емле, ережелер қысқарып, оқыту үрдісін жеңілдетеді.

Үшіншіден, латын әліпбиіне көшу – қазақ тілінің халықаралық дәрежеге шығуына жол ашады.

Төртіншіден, түбі бір түркі дүниесі, негізінен, латынды қолданады. Біздерге олармен рухани, мәдени, ғылыми, экономикалық қарым-қатынасты, тығыз байланысты күшейтуімізге мүмкіндік туады.

Жалпы әлемдік елдермен бәсекеге түсеу елімізге керек басты қарудың бірі – латын әліпбиіне негізделген қазақ жазуы болса керек. Әлемдегі басқа ұлттармен бәсекеге түсеу қазақ ұлтына қажетті нәрсе жалпы зияткерлік пен әлемдік деңгейдегі білім. Ал бұларға бастар қадам жақын уақытта латын әліпбиіне көшу деп есептеймін.

З.Г. ГАБДУАЛИЕВА,
тілдерді дамыту орталығының
аға оқытушысы